

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының республикада кербез дуадақтарды сақтау мен олардың санын қалпына келтіру жөніндегі ғылыми зерттеулерді жүргізуі туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 4 наурыздағы N 275

Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының Біріккен Араб Эмираттарының Ұлттық Орнитологиялық Зерттеу орталығымен бірлесіп жүргізген ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижесін қарай келіп Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстанда кербез дуадақтарды сақтау мен олардың санын қалпына келтіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 29 мамырдағы N 750 P950750_ қаулысына сәйкес орындалған Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы мен Біріккен Араб Эмираттарының Ұлттық Орнитологиялық Зерттеу Орталығы арасындағы екі жақты шарт бойынша 1995 жыл үшін есеп беру еске алынсын.

2. Осы жұмыстарды орындаушыларға 1996 жылы Алматы және Маңғыстау облыстарының аумақтарынан кейіннен Ұлттық Орнитологиялық Зерттеу Орталығының /Абу-Даби қаласы, Біріккен Араб Эмираттары/ питомниктерінде инкубациялау және өсіру үшін 25 данадан кербез дуадақтардың жұмыртқаларын жинауға рұқсат етілсін.

3. Кербез дуадақтардың ұшып өтетін жолдары мен қыстайтын орындарын анықтау мақсатында 1996 жылы бірлескен ғылыми зерттеулерді орындаушыларға 25 дана үлкен құстар мен ірі балапандарды, кейіннен қоныс аударған құстарды спутниктік бақылау үшін, арнайы өлшегіштермен таңбалауға рұқсат етілсін.

4. Бірлескен жұмыстардың үйлестірушілері қазақстандық мамандардың міндетті түрде барлық үш дербес, әсіресе осы құстарды қолда көбейтуге арналған жобаларға барынша кең түрде қатысуын көздейтін болсын.

5. Екі жақтың жоба жетекшілері Қызыл кітапқа енгізілген кербез дуадақтардың санын қалпына келтіру мақсатымен оларды торлы қорада көбейту үшін Қазақстан Республикасында питомник құруға арналған ғылыми негіздеме әзірлесін.

6. Қазақстан Республикасының Экология және биоресурстар министрлігі бірлескен зерттеу жұмыстары жүргізілген жерлерде кербез дуадақтарды қорғауды қамтамасыз етсін және жұмыртқаларды жинау мен тасуға рұқсаттың, сондай-ақ үлкен құстар мен ірі балапандарды аулауға рұқсаттың пайдаланылуына бақылау жасауды жүзеге асырсын.

7. Қазақстан Республикасының Кеден комитеті 2-тармақта

белгіленген көлемге сәйкес жұмыртқа түріндегі ғылыми материалдарды тысқары жерлерге шығаруға рұқсат етсін.

8. Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясы жұмыстарды жүргізуді дер кезінде әрі жоғары ғылыми деңгейде қамтамасыз етсін және олардың өсіп-өнуінің қазіргі жағдайы мен санын қалпына келтіру шаралары мәселелерін қоса отырып 1996 жылдың аяғына дейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне егжей-тегжейлі есеп беретін болсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі